



**Автор:** Нуралина Самал Аскараровна

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 10-сынып

**Бөлім:** Өлең - сөздің патшасы

**Тақырып:** "Өлең -сөздің патшасы,сөз сарасы"

Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы	<p>Мақсаты: а) білімділік: оқушыларымызды халқымыздың біртуар перзенті Абай өмірімен таныстырып, білім мен ғылымға баулып, жаман мен жақсының не екенін түсіндіре отырып, ажырата білуге баулу. ә) дамытушылық: оқушылардың Абай шығармаларымен жұмыс істеуі арқылы өнерге деген әуестігін дамыту. б) тәрбиелік: оқушыларды бірегей тұлғаның өнегелі де өсиетті, сөз маржандары арқылы Отансүйгіштікке, имандылыққа, білімді, өнерлі болуға, тіліміз бен ділімізді қадірлеуге шақырады.</p> <p>Түрі: жаңа тақырыпты меңгерту сабағы Көрнекілігі: журналдар, буклеттер, «сөйлейтін қалам», өскен ортасының альбомы, т.б Оқыту әдісі: топпен жұмыс, аңгімелеу, баяндау, өзбеттік жұмыс Пәнаралық байланыс: тарих Жүру барысы: 1 Ұйымдастыру кезеңі 2 Жаңа сабақ тақырыбы: Өлең — сөздің патшасы... өлеңі</p>
Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы	<p>Өлеңдегі 3 негізгі ой Оларды халық тағдырын жырлайтын жаңа үлгідегі поэзияны түсіне білуге,бағалауды. Тыңдаушыларды тәрбиелеу қажеттігіне назар аударды. Педагогика ғылымының кандидаты Нұрша Оразақинованың «Сатылай кешенді талдау технологиясы «бойынша өлеңді талдау. 1. Авторы. Абай Құнанбайұлы 2. Тақырып. Бұл өнер туындысы,әдеби шығарма-белгілі дәуірдегі қоғамдық шындық. 3. Жанр түрі. Поэзия (өлең) Өлең дегеніміз-белгілі бір қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі өлшеммен 4. Идеясы. Өлеңді түсіне білуге бағалауға шақырады. Сөздің асылы — поэзия екенін, жақсы сөз даналықтың айғағы екенін айтады. 5. Шумақ. Өлең шумақтан тұрады. Шумақ аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. 6. Тармақ. Өлең тармақтан тұрады. Тармақ-өлеңнің әр жолы. 7. Бунақ. Тармақ бунақтан тұрады. Бунақ-белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. 8. Буын. Өлең буыннан тұрады. Буын сөздің құрамындағы дауысты дыбыстардың санына қарай анықталады. 9. Теңеу - Өтірік пен өсекті жүндей сабап Эпиттет - Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын. Метафора - Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап. 10. Сөздік: Аят (арабша) — құран сөзі Хадис (арабша) — Мұхаммед пайғамбардың сөзі Бәйіт (арабша) — өлең сымал — өлең секілді Құтпа (арабша) — уағыз оқу, сөйлеу мағынасында Мүнәжәт (арабша) — Аллаға жалбарыну, мақтау сөз айту</p>
Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы	<p>Өлеңдегі 3 негізгі ой Оларды халық тағдырын жырлайтын жаңа үлгідегі поэзияны түсіне білуге,бағалауды. Тыңдаушыларды тәрбиелеу қажеттігіне назар аударды. Педагогика ғылымының кандидаты Нұрша Оразақинованың «Сатылай кешенді талдау технологиясы «бойынша өлеңді талдау. 1. Авторы. Абай Құнанбайұлы 2. Тақырып. Бұл өнер туындысы,әдеби шығарма-белгілі дәуірдегі қоғамдық шындық. 3. Жанр түрі. Поэзия (өлең) Өлең дегеніміз-белгілі бір қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі өлшеммен 4. Идеясы. Өлеңді түсіне білуге бағалауға шақырады. Сөздің асылы — поэзия екенін, жақсы сөз даналықтың айғағы екенін айтады. 5. Шумақ. Өлең шумақтан тұрады. Шумақ аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. 6. Тармақ. Өлең тармақтан тұрады. Тармақ-өлеңнің әр жолы. 7. Бунақ. Тармақ бунақтан тұрады. Бунақ-белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. 8. Буын. Өлең буыннан тұрады. Буын сөздің құрамындағы дауысты дыбыстардың санына қарай анықталады. 9. Теңеу - Өтірік пен өсекті жүндей сабап Эпиттет - Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын. Метафора - Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап. 10. Сөздік: Аят (арабша) — құран сөзі Хадис (арабша) — Мұхаммед пайғамбардың сөзі Бәйіт (арабша) — өлең сымал — өлең секілді Құтпа (арабша) — уағыз оқу, сөйлеу мағынасында Мүнәжәт (арабша) — Аллаға жалбарыну, мақтау сөз айту</p>

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

«Абай Құнанбаев  
«Өлең – сөздің  
патшасы, сөз  
сарасы...»  
(23.11.2019)

Жүру барысы: 1 Ұйымдастыру кезеңі 2 Жаңа сабақ тақырыбы: Өлең — сөздің патшасы... өлеңі «Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы- халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді. Ақынның дүн иеге келгеніне бір жарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырымен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді. Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Ана сүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ақын сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді». (Ж. Ысмағұлов.) Өнер-білім жолындағы ізденісін Абай өз бетімен үйрену арқылы дамытады. XIX ғасырдағы орыс әдебиетін, оның халықтық негізін терең зерттеу Абайды ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты жайлы көзқарасқа алып келді. Ең алдымен, Абай сөз өнерін үлкен қоғамдық күш әлеуметтік тартыстың құралы деп таныды. «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлең-бұл тұрғыдан ақын бағдарламасын тәрізді. Онда Абай өлеңге қойылатын көркемдіктің жаңа шарттарын белгілейді. Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. Бұл-жақсы өлеңді даналықтың айғағы деп ұғу. Мұның ар жағында өлеңнің түрі мен мазмұнының бірлігін талап ету, оны «бөтен сөзбен былғамау» талаптары қойылады. Көркем сөздің асылы-поэзия деп жоғары бағалай отырып, бір кез Абай қазақ ортасында оның қадірін кетіріп жүрген ақындарды сынауға ауысады. Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап, Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап. Ақындары ақылсыз, надан келіп, Көр-жерді өлең қыпты, жоқтан қармап. Қобыз бен домбыра алып топта сарнап, Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап, Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап. Бұл сын, негізінен, өлең сөзді әлеуметтік шындықты суреттеуге емес, күнкөріс қамына жұмсаушылар мен «көржерді өлең» қылушыларға арналады. Сол арқылы ақын қазақ арасында өлең сөздің «қадірсіз» көрінген себебін ашады. Сөйтіп, өз поэзиясында жаңа мақсат барын жариялайды. Өлеңнен ермек емес, өнер екенін ол ылғи баса айтады. Өз өнерін халық мүддесіне жұмсауды мақсат етеді. Оны мына шумақтан да байқаймыз. Мақсатым-тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ. Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер, Думан-сауық ойда жоқ, әуел баста-ақ. Ақын мен ақындық міндеті туралы ойланғанда, Абайдың осы мәселені тереңдете қарастыру, ел құлағына сіңіре беру үшін қайта бір оралғанын «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1889) атты өлеңінен көреміз. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі-сезімді, тілі-орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін! Өзінің ақындық мақсатын осылай көрсете отырып, Абай бұл өлеңде шығарманың мазмұнына қатысы жоқ сөзуарлықты, ескі қиссаларда, соған еліктеп қисса жазатын ақындарда кездесетін «әсіре қызыл» теңеу, жалғанқызықшылықты суреттеуді сынап өтеді. Өлеңі бар, өнерлі інім, сізге Жалынамын-мұндай сөз айтпа бізге. Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, Есіл өнер қор болып кетер түзге,- деген сөздермен ол жас буынақындарға тағы да тілек артады. Өлеңдегі 3 негізгі ой Оларды халықтағдырын жырлайтын жаңа үлгідегі поэзияны түсіне білуге, бағалауды. Тыңдаушыларды тәрбиелеу қажеттігіне назар аударды. Педагогика ғылымының кандидаты Нұрша Оразақинованың «Сатылай кешенді талдау технологиясы «бойынша өлеңді талдау. 1. Авторы. Абай Құнанбайұлы 2. Тақырып. Бұл өнер туындысы, әдеби шығарма- белгілі дәуірдегі қоғамдық шындық. 3. Жанр түрі. Поэзия (өлең) Өлең дегеніміз- белгілі бір қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі-өлшеммен 4. Идеясы. Өлеңді түсіне білуге бағалауға шақырады. Сөздің асылы — поэзия екенін, жақсы сөз даналықтың айғағы екенін айтады. 5. Шумақ. Өлең шумақтан тұрады. Шумақ аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. 6. Тармақ. Өлең тармақтан тұрады. Тармақ-өлеңнің әржолы. 7. Бунақ. Тармақ бунақтан тұрады. Бунақ-белгілі бір дауысырғағымен бөлінуі. 8. Буын. Өлең буыннан тұрады. Буын сөздің құрамындағы дауысты дыбыстардың санына қарай анықталады. 9. Теңеу -Өтірік пен өсекті жүндей сабап Эпитет - Іші алтын, сырты күміс сөзжақсысын. Метафора - Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап. 10. Сөздік: Аят(арабша) — құран сөзі Хадис(арабша) — Мұхаммед пайғамбардың сөзі Бәйіт(арабша) — өлең сымал — өлең секілді Құтпа(арабша) — вағыз оқу, сөйлеу мағынасында Мүнәжат(арабша) — Аллаға

<p>Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы (23.11.2019)</p>	<p>Өлеңдегі 3 негізгі ой Оларды халық тағдырын жырлайтын жаңа үлгідегі поэзияны түсіне білуге,бағалауды. Тындаушыларды тәрбиелеу қажеттігіне назар аударды. Педагогика ғылымының кандидаты Нұрша Оразақинованың «Сатылай кешенді талдау технологиясы «бойынша өлеңді талдау. 1. Авторы. Абай Құнанбайұлы 2. Тақырып. Бұл өнер туындысы,әдеби шығарма-белгілі дәуірдегі қоғамдық шындық. 3. Жанр түрі. Поэзия (өлең) Өлең дегеніміз-белгілі бір қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі өлшеммен 4. Идеясы. Өлеңді түсіне білуге бағалауға шақырады. Сөздің асылы — поэзия екенін, жақсы сөз даналықтың айғағы екенін айтады. 5. Шумақ. Өлең шумақтан тұрады. Шумақ аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. 6. Тармақ. Өлең тармақтан тұрады. Тармақ-өлеңнің әр жолы. 7. Бунақ. Тармақ бунақтан тұрады. Бунақ-белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. 8. Буын. Өлең буыннан тұрады. Буын сөздің құрамындағы дауысты дыбыстардың санына қарай анықталады. 9. Теңеу - Өтірік пен өсекті жүндей сабап Эпиттет - Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын. Метафора - Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап. 10. Сөздік: Аят (арабша) — құран сөзі Хадис (арабша) — Мұхаммед пайғамбардың сөзі Бәйіт (арабша) — өлең сымал — өлең секілді Құтпа (арабша) — уағыз оқу, сөйлеу мағынасында Мүнәжәт (арабша) — Аллаға жалбарыну, мақтау сөз айту</p>	
--	--	--